

ӘОЖ 81'42; 801.7; МҒТАР 16.21.33
<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.152>

А. СЕЙІТБЕКОВА¹ Ә. СЕЙДАМАТ²

¹филология ғылымдарының кандидаты

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ainurseit@mail.ru

²кіші ғылыми қызметкер (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: assel.seidamat@gmail.com

^{1,2}А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

СЕЙФ САРАИДІҢ «ГҮЛІСТАН БИТ-ТҮРКИ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ МӘТІНІНЕ ЛИНГВОТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бүгінгі таңда ортағасыр жазба мұраларының қыпшақ диалектілеріне қатыстылығын дәлелдеу үшін тек фонетикалық, грамматикалық тұрғыдан емес, лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу маңызды. Мақалада зерттеу нысанымызға алып отырған XIV ғасырда жазылған Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішінің қыпшақ тіліне, оның ішінде қазақ тіліне қаншалықты қатыстылығын, авторлық қолданысын нақтылау үшін оның парсы тілінде жазылған нұсқасымен де талдауды қажет етеді. Осыған орай мақаланың мақсаты – Алтын Орда дәуірінде жазылған Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші мәтініне лингвотекстологиялық талдау жасау. Мақалада Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші парсы тілінде жазылған Шейх Муслихаддин Сағди Ширазидің «Гүлістан» шығармасы мәтінімен салыстырылады. Атап айтқанда, ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданады; тәржіма жасау барысында автордың негізге алған ұстанымдары мен өзіндік стилі айқындалады; Сейф Сараидің авторлық қолданысы нақтыланады; қыпшақ тіліне қатысты лексикалық бірліктер айқындалады; кейбір лексикалық бірліктердің қолдану себептері талданады.

Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші тілін қыпшақ диалектілеріне қатыстылығын дәлелдеу мақсатында сипаттамалы, лингвотекстологиялық, тарихи-салыстырмалы, лингвостатистикалық әдістер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні түркітану, текстология салаларына қатысты мәселелерді нақтылауда, айқындауда көрінеді.

Кілт сөздер: жазба ескерткіші, лингвотекстология, қолжазба, аударма, парсы тілі, қыпшақ тілі, лексика.

A. Seitbekova¹, A. Seidamat²

¹Candidate of Philological Sciences

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ainurseit@mail.ru

²Junior Researcher (Kazakhstan, Almaty), e-mail: assel.seidamat@gmail.com

^{1,2}Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сейітбекова А., Сейдамат Ә. Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші мәтініне лингвотекстологиялық талдау // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 149–163. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.152>

*Cite us correctly:

Seitbekova A., Seidamat A. Seif Saraidin «Gulistan bit-turki» zhazba eskertkishi matinine lingvotekstologialyq taldau [Linguotextological Analysis of the Text of the Written Monument of the Seif Sarai “Gulistan bit-Turki”] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 149–163. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.152>

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.04.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

Linguotextological Analysis of the Text of the Written Monument of the Seif Sarai “Gulistan bit-Turki”

Abstract. Today, in order to establish the affiliation of written monuments to the Kipchak dialects, it is important to study the medieval written heritage not only phonetically, grammatically, but also linguotextologically. In this regard, the purpose of the article is to conduct a linguotextological analysis of the text of the written monument of the Seif Sarai “Gulistan bit-Turki”, written in the era of the Golden Horde. The article provides a comparative analysis of the work of the Seif Sarai “Gulistan bit-Turki”, written in the XIV century, with its version written in Persian, to study the author's usage of the Sarai Safe. In particular, the similarities and differences between the Persian and Turkic versions are analyzed; the principles and style in the author's translation are determined, the author's usage of the Sarai Safe is analyzed; lexical units related to the Kipchak language are considered separately; and the author's decision in the use of some lexical units is analyzed.

Descriptive, linguotextological, historical-comparative and linguostatistical methods were used in the study of the text of the monument “Gulistan bit-Turki” of the Seif Sarai.

The practical significance of the research work consists in clarifying and defining issues related to Turkology and textual studies.

Keywords: written monument, linguotextology, manuscript, translation, Persian, Kipchak language, vocabulary.

А. Сейтбекова¹, А. Сейдама²

¹кандидат филологических наук

(Казахстан, г. Алматы), e-mail: ainurseit@mail.ru

²младший научный сотрудник (Казахстан, г. Алматы), e-mail: assel.seidamat@gmail.com

^{1,2}Институт языкознания имени А. Байтурсынова

Лингвотекстологический анализ текста письменного памятника Сейфа Сарай «Гулистан бит-турки»

Аннотация. Сегодня чтобы установить принадлежность письменных памятников к кипчакским диалектам важно изучать средневековое письменное наследие не только фонетически, грамматически, но и лингвотекстологически. В связи с этим цель статьи – провести лингвотекстологический анализ текста письменного памятника Сейфа Сарай «Гулистан бит-турки», написанного в эпоху Золотой Орды. В статье проводится сравнительный анализ произведения Сейфа Сарай «Гулистан бит-турки», написанного в XIV веке, с его версией, написанной на персидском языке, для изучения авторского словоупотребления Сейфа Сарай. В частности, анализируются сходства и различия между персидской и тюркской версией; определяются принципы и стиль в переводе автора, анализируется авторское словоупотребление Сейфа Сарай; отдельно рассматривается лексические единицы, относящиеся к кыпчакскому языку; а также анализируются авторское решение в использовании некоторых лексических единиц.

При изучении текста памятника «Гулистан бит-турки» Сейфа Сарай были использованы описательные, лингвотекстологические, историко-сравнительные и лингвостатистические методы.

Практическая значимость исследовательской работы состоит в уточнении, определении вопросов, относящиеся к тюркологии и текстологии.

Ключевые слова: письменный памятник, лингвотекстология, рукопись, перевод, персидский язык, кыпчакский язык, лексика.

Кіріспе

Шығыс әдебиетінің інжу-маржандарының бірі саналатын «Гүлістан» шығармасы парсы классигі Шейх Муслихаддин Сағди Ширазидің 1258 жылы жазған көрнекті туындыларының бірі. Бұл шығарма өзінің көркемдік тереңдігімен, моральдық-этикалық мазмұнымен ғасырлар бойы оқырман жүрегінен орын алып келеді. «Гүлістан» – парсы прозасы мен поэзиясының үйлесім тапқан бірегей үлгісі ретінде Шығыс елдерінде ғана емес, күллі әлем әдебиетінде де ерекше орын алады. Көпшілікке мәлім, аталмыш шығарманың түркі тіліне аударылған нұсқасы – Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» атты туындысы. Бұл аударма тек тілдік тұрғыдан емес, мәдени-ағартушылық тұрғыдан да аса маңызды еңбек болып табылады. Сейф Сараи «Гүлістанды» түркі жұртшылығына жақындатып, оның рухани құндылықтарын кеңінен насихаттады. Аударма негізінде Абд әл-Бари Мұхаммед Мамуд Ларидің көшірмесі алынған. «Гүлістан» шығармасының парсы тіліндегі мәтіндері ғасырлар бойы өңделіп, толықтырылып, түрлі нұсқаларда жарық көріп отырды. 1310 жылы Абдул Азим Ғариб пен 1316 жылы Мұхаммед Әли Фороғи шығарған басылымдар түпнұсқа мәтінге ең жақын және сенімді дереккөз ретінде танылады. Кейінгі жылдары Саид Нафиси, Мұхаммед Джаввад Машкур, Халил Хатиб Рахбар, Бахауддин Хоррамшаһи секілді танымал шығыстанушылар өз редакцияларын ұсынды. Сондай-ақ, Гүлістанның Ғоламхүсейін Юсефи он жеті түпнұсқа мен басқа да баспа көшірмелеріне негіздеп, тағы бір нұсқасын әзірлейді. Дегенмен бұндағы текстологиялық түзетулер біраз шығыстанушылардың сынына ұшырайды. Содан кейін 1375 жылы Бахауддин Хоррамшаһи өз нұсқасын қайта қарап, түзетілген жаңа редакциясын жариялайды. Осындай көне мәтіндерді зерттеу барысында олардың бірнеше нұсқасын салыстыра отырып қарастыру – текстологиялық талдаудың негізгі принциптерінің бірі болып саналады. Бұл тәсіл арқылы түпнұсқаға барынша жақын нұсқаны анықтап, кейінгі өңдеулер мен ықтимал қателіктерді түзетуге мүмкіндік туады.

Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» шығармасы дәл осындай мұқият салыстырмалы зерттеуді қажет етеді. Өйткені бұл туынды тек аударма емес, сонымен қатар автор тарапынан шығармашылық өңдеуге түскен, кей тұстарда түпнұсқадан алшақтауы мүмкін. Сондықтан түркі тіліндегі аударма нұсқасын Сағди Ширазидің парсы тіліндегі түпнұсқасымен салыстыра талдау – аударманың дәлдігі мен ерекшеліктерін, сондай-ақ аудармашының идеялық және көркемдік ұстанымдарын анықтауда аса маңызды. Мұндай салыстыру, бір жағынан, Сейф Сараидың аудармадағы өзіндік поэтикалық тілін, екінші жағынан, ортағасырлық түркі әдебиетінің дүниетанымдық ұстанымдарын тереңірек түсінуге жол ашады.

Әдебиетке шолу

Ерте дәуірден бері бүгінге дейін Сағди Ширазидың «Гүлістан» жазба ескерткіші түркі тілдерінде де бірнеше рет жырланған. Алтын Орда дәуірінде қыпшақ ақыны 1391 жылы Сейф Сараи «Гүлістан бит-түрки» деген атпен назира дәстүрімен жырлайды. Содан кейін османлы түрік тілінде назира дәстүрімен жырланған Стамбул қаласының кітапханалар қорында сақталған.

1. 1397-98 жылы «Гүлістан бит-түркиді» шағатай-түрік тілінде жырлаған *Сибижабидің нұсқасы*. Зерттеушілердің пікірінше, бұл парсы тілінен түркі тілінде жырланған толық нұсқа. Алайда бұл нұсқаның кейбір тарауларына өзгерістер енгізілген [1].

2. 1430 жылы «Гүлістанды» анадолы түрік тілінде жырлаған *Махмуд бин Кади-и Маньяс* есімімен байланысты. Махмуд бин Кади-и Маньяс – Мұхаммед II дәуіріндегі сұлтанның ұлы. Аударманың екі нұсқасы бар [2]. Біріншісі Сүлеймани кітапханасында, екіншісі Топкапы кітапханасында сақталған.

«Гүлістанның» өлең түріндегі жырланған екінші нұсқасы Топкапы сарайының кітапханасында сақталған. Бұл еңбек 931 нөмірімен тіркелген. Бұл нұсқаны Махмуд бин Кади-и Маньяс Мұратқа арнап жазады.

Сондай-ақ «Гүлістан» шығармасы XIX ғасырда көптеген тілдерге (шығыс және батыс тілдеріне) аударылды. Атап айтқанда, араб, түрік, урду, үнді, ағылшын, француз, латын, неміс, поляк, чех, румын, өзбек, тәжік, орыс және қазақ тілдеріне аударылды. 1912 жылы И. Холмогорова «Гюлистан (Цветник роз) Творения шейха Саади Ширази» деген атпен *орыс тіліне* аударды [3]. Сонымен қатар орыс тіліне 1957 ж. А. Старостин [4], одан кейін 1959 ж. Р.М. Алиевтің аудармалары жарық көреді [5]. 1968 жылы өзбек ғалымы Ғафур Ғулом көне өзбек тіліне аударды. Ал қазақ тіліндегі аудармасы 1991 жылы Мұзафар Әлімбаевтың есімімен жарық көреді [6].

Жалпы «Гүлістан» шығармасы баспа бетін көрген алғашқы парсы кітаптарының бірі. Бұл кітап алғаш рет 1824 жылы Тебризде, кейін 1847 жылы Тегеранда басылады. Одан кейін «Гүлістанның» көшірмелері Стамбул, Каир, Париж, Лейпциг, Берлин, Англия, Үндістанда жүзден астам рет басылды.

Сонымен Сағди Ширазидің Гүлістаны бірнеше тілге аударылғаны немесе түркі тілдеріне назира дәстүрімен бірнеше рет жырланғаны – шығарманың мазмұндық тұрғыдан құндылығын көрсетеді. Бұл орта ғасырдағы парсы халқының рухани болмысынан, тыныс-тіршілігінен мәденитанымдық, елтанымдық, тілтанымдық ақпарат береді.

Сейф Сараи шығармасының зерттелуіне отандық ғалым Э. Наджип, өзбек ғалымы Э. Фазылов, поляк ғалымы А. Бодроглигети, татар ғалымдары Х. Ю. Миннегулов, Х. Усманов, З. Махсудова, түрік ғалымдары А. Баттал-Таймас, Ф. Қараманоғлы, т.б. сынды түркітанушы ғалымдардың назарында болып, еңбектің тілі жайында сөз етілді.

Абдулла Баттал-Таймас 1955 жылы жарияланған «Сейф Сарайның Гүлістан аудармасына шолу» атты көлемді мақаласында «Гүлістанның» аудармасына зерттеу жүргізді. Ғалым шығарманың тілі қыпшақ тіліне жақын екендігін дәлелдейді [7].

Абдулла Баттал-Таймас: «Аударма авторы Саиф Сарайдың «Гүлістан» аудармасын жасаған кезде, мәтіннің түпнұсқасына толық ұстанды деп айтуға келмейді. Яғни, Саади шығармасындағы прозалық «Хикая»-лардың аудармалары белгілі бір дәрежеде түпнұсқаға сәйкес келсе, «бәйіт» (қос тармақты өлең түрі), «қыта» (строфа), «мәснәуи», «рубай», «назым», «бети-и араби» деген түрлі атаулармен танылған поэтикалық шығармалардың бөліктерін (шумақтарын) аударғанда аударма авторлары «еркін» әрі кең, мәтінге қатты байланбаған бір аударма жолын қолданды», – дейді. Сөйтіп, толық аударылмаған, атап өткен бөліктері мен кемшіліктерін санамалап көрсетеді. Солардың бірқатарын былайша талдайды:

18-бет. «Хикая» бөлімі алында елеусіз қалған «Хикмет» және бір «Мәснәуи».

23-бет. «Хикая» алдыдағы бір «қыта».

24-бет. 23 беттен басталып бұл бетте жалғасқан «Хикая»-ның ішіндегі «Мәснәуи».

27-бет. Бұл беттегі «өлең» негізінде «*دانی که چه گفت زال*» жолымен басталған «рубай»-дың аудармасы болса да аудармада екінші шумағы берілмеген.

300 бет. Бұл бетте болуы керек «*حامل نشود*» сөзімен басталған «қыта» қалып қойған.

331 бет. Түпнұсқа кітаптың екінші бөлімінің алдындағы бір «қыта» аударылған болса, дәл осы беттен орын алып, біздің ойымызша аудармасы келесі бір түрде болар еді: «*bunların hepsi bir hiçtir: baht, taht, emir, yasadak, çekişme ve tutuşmalar hep geçip gidecektir. Gidenlerin iyi namını ortadan kaldırma; ta ki senin de iyi şöhretin ayakta dura!*» (Бақ, тақ, әмір, тыйым, дау-жанжал бәрі де өтпелі: еш маңызы жоқ. Кете барғандардың жақсы беделін құртпа; сенің де жақсы даңқың аяқта тұрар сол кезде!).

Байқағанымыздай, «Гүлістанның» соңына қарай, яғни, сұхбат (ауызекі сөйлеу) әдебиеттерінен сөз тартатын сегізінші бөліміндегі прозалық бөліктер (көптеген «Хикая»-лар) барған сайын азайып, қысқара түскен, ал бұған керісінше, түрлі атауларымен тараған поэтикалық бөлімдер көбейе түскен. Кітаптың басынан бастап поэтикалық бөлімдерді аударуда қиындықтарға тап болған, аударма білмеген, шала аударылған, бұл тұстарға келгенде мүлде іркіліп, олқылыққа жиі барған [7, 75-б.].

1965 жылы Ә. Наджип «XIV ғасырдағы мәмлүк Египетінің қыпшақ-оғыз әдеби тілі» атты докторлық диссертациясын қорғайды [8]. 1975 жылы Алматыда «Тюкоязычный памятник XIV века Сейфа Сарай и его язык» деген атпен екі кітап етіп бастырып шығады. Ғалымның айтуынша, «Гүлістан» жазба ескерткішінің 372 беттен тұратынын атап көрсетеді. Әрбір бет 13 қатардан тұрады. Қолжазба тәжірибелі, бірақ ұқыпсыз хұснихатшының қолымен, «мамлүк насх» деп аталатын жазумен жазылған [9].

Қолжазбаның алғашқы бетінде әртүрлі авторлардың парсы, түркі тілдерінде жазылған 7 өлеңнің қолтаңбасы бар. Олар қағаз бетіне әртүрлі түскен. Солардың кейбіреуіне тоқталайық.

Бұл белгісіз бір хұснихатшының қаламына тән төртжолды өлеңді Ә. Наджип орыс тіліне келесідей аударды:

Сарай Сайф тек ғариф жаһан ічрә көрүң қаны
Сифатын аймаға білмей йүрекдән ақтұрұр қаны
Аның шығырының иншасын бегәнмәс кім болұр есә
Мәгәр ақлы аның йоқтұр, жахудтында һәм жаны

Аудармасы:


Где найти мире такого мудрого человека, как Сейфа Сарай?
Не зная, как описать его, (поэт) проливает кровь сердца,
Если найдется человек, кому не нравится стиль его стихов,
Он или безумный, или же нет души в его теле.

Алайда ғалымның оқыған өлең жолдары Ф.Н. Узлуктың оқыған өлең жолдарынан айырмашылығы бар:

Sarayı Seyf arif cihanı görün fani
Sıfatın yürekten akturur kanı
Anın şairinin inşasını bigenmez kim bolur bolsa
Meger akli anın yoktur yahut tinde hem canı
Serv azaşmış irtifain nutmak için her yana
Yüzına karşı turuben tuttum usturrap bı ışk

Сол сияқты қағаз бетінде парсы тілінде жазылған екі жолды өлеңді былайша аударып отырмыз.

1-кесте – Парсы тілінде жазылған екіжолды өлең

	<p>خدا را برای بنده بخشایش است که خلق از وجودش در آسایش است</p> <p>Худоро барой банде бахшиш аст Ке халық өз вужудаш дәр асайеш аст</p> <p><i>Аудармасы:</i> Кешірім бар жерде адам тыныштықта өмір сүреді</p>
---	--

Келесі бетінде «Бисмиллаһи рахману рахим» дегеннен басқа ешнәрсе жазылмаған. Үшінші бетінде араб тілінде ірі жазумен алты қатардан тұратын мәтін берілген.

Осылайша Сейф Сарайдың жазба ескерткішінің тілін зерттеуші Ә. Наджип өзінің текстологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі қазақ тіліне қаншалықты қатысты екенін

жазба ескерткіштің дыбыстық жүйесінен бастап, лексика-грамматикалық белгілеріне дейін сараптап талдаған.

1968 жылы Э. Фазылов ескерткіш мәтініне транскрипция жасап, «*Староузбекский язык хорезмские памятники XIV века*» деген атпен екі томдық сөздік әзірлейді [10]. Ескерткіштің латын графикасындағы мәтіні Будапеште жарық көреді. Транскрипциялаған А. Бодроглигети [11].

1972 жылы татар ғалымы Х.Ю. Миннегулов «Переводы и оригинальные произведения Сейфа Сарай» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды [12]. Сөйтіп, Қазанда «Сейф Сарай. Тормышы һәм ижаты» деген атпен жарияласа, 1980 жылы татар ғалымдары Хатиб Усманов пен Зейнап Махсудова бұл әдеби жәдігердің түпнұсқасын осы қалада екі кітап етіп бастырып шығарады [13]. Будапешт пен Ташкентте әртүрлі оқылып жүрген сөздер анықталған. Әр басылымының беттері көрсетілген. Қазақ әдеби жәдігерлер томындағы басылым осы нұсқамен жасалды. Хүснихатшы Р.М. Қадыров көркемдеп жазып шықты. 1975 жылы түрік ғалымы Ф. Қараманоғлы Сейф Сарайдың «Гүлістан бит-түркідің» транскрипциясы мен тілдік ерекшеліктерін қарастырған [14].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде Сейф Сарайдың «Гүлістан бит-түркі» жазба ескерткішінің 1980 жылы Қазанда басылған Хатиб Усманова мен Зейнап Мақсұтованың авторлығымен жарияланған нұсқасының көшірмелері пайдаланылды. Кез келген осындай орта ғасыр жазба мұраларының басым көпшілігі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән элементтермен аралас жазылғаны белгілі. Бұл XI–XV ғасырлардағы жазба мұраларымыздың басты тілдік ерекшелігі. Ал осы жазба мұраларымыздың қыпшақ диалектілеріне қатыстылығын дәлелдеу үшін алдымен бірнеше қолжазбалар арасындағы авторлық варианты лингвотекстологиялық тұрғыдан ғана анықталады. Осыған орай отандық түркітанушы ғалымдардың осы бағытта лингвотекстологиялық зерттеулер жүргізудің теориялық мәселелері мен әдіс-тәсілдерін әлі де нақтылай түсу керектігін атап өту керек.

Зерттеуде XIV ғасырда жазылған Сейф Сарайдың «Гүлістан бит-түркі» шығармасы тілін қыпшақ диалектілеріне қатыстылығын дәлелдеу үшін *сипаттамалы, лингвотекстологиялық, тарихи-салыстырмалы, лингвостатистикалық* әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар ескерткіш мәтініндегі лексикалық бірліктерді талдауда *топтастыру, тұжырымдау, түсіндіру* тәсілдері негізінде жүзеге асырылды.

Талдау мен нәтижелер

Сейф Сарайдың «Гүлістан бит-түркі» жазба ескерткішін лингвотекстологиялық талдау Сағди Ширазидің парсы тіліндегі нұсқасымен салыстырыла жүргізілуі тиіс.

Парсы тіліндегі нұсқасымен салыстыру. Сейф Сарайдың шығармасын (бұдан әрі: ТТ нұсқасы) Сағди Ширазидің парсы тіліндегі нұсқасымен (бұдан әрі: ПТ нұсқасы) құрылымдық, мазмұндық, лексикалық қолданыстарын лингвотекстологиялық талдау нәтижесінде айырмашылықтар мен ұқсастықтар байқалады.

а) Құрылымы мен мазмұны

ПТ нұсқасы: 400 беттен және 8 тараудан тұрады.

ТТ нұсқасы: 372 беттен және 8 тараудан тұрады. Әр беті 13 қатарға жазылған.

Екі шығарманың мазмұны *баптарға* бөлінуінің өзі тақырыптың кеңдігін, өзектілігін білдіреді. Сағди мен Сейф Сарай өз заманындағы биліктің, патшалар мен сұлтандардың қоғамдағы рөлін өте жақсы білді. Сондықтан болса керек, алғашқы тарау билеушілердің іс-әрекеттеріне арналады. Шығарманың қалған баптары адам баласына ең қажетті құндылықтарды хикаяларымен шебер жеткізіп қана қоймай, оқырманын имандылыққа, қанағатшылыққа тәрбиелейді. Дастанының тараулары ішкі мазмұнына сай сопылық ілімнің саты-сатысына шарифат, тарикат, мағрифат және хақиқатқа сәйкес жүйеленген [15].

ә) Кіріспесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

ПТ нұсқасы: Кіріспеге 15 бет арналған. Алланы мадақтаудан басталады, Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) жеткен аңыздар баяндалады. Сағди ақын өзі жайында жырлайды, Алладан дұға сұрайды. «Гүлістан» кітабының жазылу себебін былайша түсіндіреді:

Мен бір күні түнде өткен ғұмырым жайында көп ойландым, қор болып кетіп бара жатқан өміріме өкіндім. Шерлі жүректің тас бекінісін көздің мөлдір жасымен шайып, мына төмендегі бәйттерді – егіз жол өлендерді қайталап айтумен болдым (бәйттері беріледі). Өзім оңаша қалып, кітабымды жазуға ниет еттім, – дейді.

Осы кезде Сағдидиге медреседе бірге оқыған досы келеді. Сол күні екеуі бір досының бақшасында болады. Бақтың рахатына бөленген досы бір құшақ гүлмен қайтуға дайындалып тұр екен.

– Бақтағы райхан гүлдің ғұмыры қысқа екен. Данышпандар: «Баянсыз нәрсе – махаббатқа ерсі» демей ме?

– Енді не істейін, – дейді досы. Сонда Сағди: Қауымның көңілін аулау үшін «Райхан бағы» атты кітап жазамын, – дейді.

Түсініктеме: Ата-анасынан ерте айырылып, жастайынан қиыншылық көрген Сағди ел кезіп кетеді. Ел кезіп жүргенде жай жүрмей, халық қазынасының қызықты әңгімелерін, мақал-мәтелдерін, афоризмдерді жинақтап жүреді. Осы жинаған рухани қазыналарын, өмірден түйген білімдерін «Райхан гүлдеріне» теңейді. Олардың солып қалғанын қаламай, баянды болу үшін «Гүлістан» кітабын жазады.

Сағди бақтағы гүлдер солуға аз күн қалғанда кітапты тамамдайды. Иран билеушісі ұлы шаһ Мұзаффариддин Әбубәкір Сайдұлы Зеңгиді көркем тілмен мадақтап, шығармасын соған арнап жазғанын жырлайды. Сағди кітабына өмірде түйгендерін, бұрынғы патшаларды өмірінен алынған үзік-үзік әңгімелерді, аңыздарды енгізгенін және баяндалған әңгімелердің мазмұндық өлшемін сақтау үшін құты мол гүлзарды 8 тарауға бөлгенін айтады.

ТТ нұсқасы: Кіріспеге 12 бет арналады. Сейф Сараи да өз заманындағы орта ғасырда ақындардың қалыптастырған дәстүрінше Алланы мадақтаудан бастайды. Ақын Сағди Ширазидің кіріспесіндегі Иран билеушісін мақтаған жерлерін алып тастайды. Жылдың ең тамаша көктем мезгілінің сұлулығын жырлап, төрт шұмақ арнайды. Көктемдегі табиғаттың құбылысын Алланың нығметі екенін түсіндіреді. Одан кейін Сейф Сараи Сағди Ширазидің туындысын не себепті түркі тіліне аударғандығы жайында былайша баяндайды:

Көктем күндерінің бірінде бақ ішінде, гүлдер арасында бірнеше аса білімді ғалымдармен бірге отырып, сөз нақышы (стилистика) туралы мәселелерді қозғадық. Мен тамаша бәйттер, гажап өлеңдер оқыдым. Сол мезетте отырған ғалымдардың ең үлкені менен аруз өлшемімен жазылған бір қиын бәйттің ұйқасы туралы сұрады. Қолма-қол жауабын есітіп: «Ей, шетелдік жазушы, саған лайықты бір насихатым бар, қабыл етсең жақсы болар еді», – деді.» Бұйырыңыз», – дедім. «Бір дәулет иесінің атына, есімің дүниеде қалсын деп, шайқы Сағдидің «Гүлстанын» түркі тіліне аударсаң», – деді. Мен ол газиздың жақсы лепесін қабыл етіп: «Алла Тағалаға ұнаса аударып көрейін, алайда оның терең мағыналарына менің шамам жетпейді зой», – дедім. Ол: «Ей, шетелдік жазушы, Алла көмектеседі», – деді. Жаратушыға арқа сүйеп, үмітімді жігер қайрағына жанып, «Е, Алла Тағала, аяқтауыма жәрдемдесе гөр!» – деп бастадым. Бұл кітап таңғажайып хикая, тамаша насихат және сан алуан ұшқыр сөздермен безеніп тұрғандықтан «Гүлстан» атанды.

Сөйтіп Ей, ғылымның нұры, өнердің ұстазы деп басталатын өлеңінде әмірші Тайхасбекті мадақтап, «Гүлістанның» соған арналғандығын жазады. Шығарманың соңын ақын өз өлең жолдарымен аяқтайды. Сонымен қатар шығарманың соңы сегіз түркі ақынның өлеңдері мен Сейф Сараидің оларға қайтарған жауаптарымен аяқталады.

Сейф Сараи парсы тіліндегі хикаяларды мүмкіндігінше ықшамдап, қысқартып аударғанын мына үзіндіден байқауға болады:

ПТ нұсқасы: Арабтың бір топ тонаушылары тау басына орналасып, керуеншілердің жолын ториды. Бұдан сұлтан әскерлері де соққыдан көз ашпайды. Өлке әміршілері бұдан қалай құтылатыны жайында өзара ақылдасады (Одан кейін алты шұмақ өлең жазылады).

Қарақшылар керуенді тонауға кеткен сәтте әміршілер сол жерге сарбаздарды жібереді. Қарақшылар қайта оралып, олжаларымен бөліседі. Біреуін ұйқы басады.

قرص خورشید در سیاهی شد

یونس اندر دهان ماهی شد

*Күн дөңгелек сүңгіді қараңғыда,
Жүністей түскен жайын аранына.*

Осы кезде жауынгерлерлер торуылдан атып шығып, қарақшыларды ұстап алып, сарайға патшаның алдына апарды. Олардың арасында жастық көркі жүзінде балбұл жанған балаң жігіт бейсауат жүр екен. Уәзірлердің біреуі әміршіге жалбарынып, арада жүрген балаға араша болады, оны өлтірмеуін тілейді. Патша көнбей, былай дейді:

*Жаман болса кім туасы, жарқырап та жарытпайды бір кезде,
Жасықтарды әлпештеуің тас бұршақты жапсырам деу күмбезге.*

Ең дұрысы қара ниеттілердің ұрпағын құртып, түп-тамырын жұлып тастау керек, – дейді.

ابر اگر آب زندگی بارد

هرگز از شاخ بید بر نخوری

با فرومایه روزگار مبر

کز نی بوریا شکر نخوری

*Әбілхаят суымен суарсаң да,
Тал мәуелер деушілік құр аңсау да.
Пасықпен әмпелейспе, жалынса да,
Қамыстан қант шықпайды нағылса да.*

Уәзір патшаның сөзін құптайды. Алайда көкірегі таза жандардың арасында болса, жақсы қасиеттерді бойына дарытар, – дейді. Патша сол кезде мен кешірдім, алайда одан қайыр күтпе, – дейді.

دانی که چه گفت زال با رستم گرد

دشمن نتوان حقیر و بیچاره شمرد

دیدیم بسی که آب سرچشمه خرد

چون بیشتر آمد شتر و بار ببرد

*Білесің бе, Зал не деді Рүстемге?
Жауда күйкі, ез санама, үстем де,
Бастауында жылап аққан жылға бар,
Тасып кетсе жүкті нарды жұлмалар.
Балаға уәзір мейірімін төгіп, тәрбелепті.*

Бір күні уәзір патшаға баланың жетістігін айтыпты. Сонда патша:

عاقبت گرگ زاده گرگ شود

گرچه با آدمی بزرگ شود

Бөлтірік бөрі атанар ақырында,
Өссе де адамзаттың шатырында.

Арада екі-үш өткен соң сол махалладағы ұрылар әлгі жігітпен астыртын достасып, уәзірді және оның екі балаын өлтіреді, қыруар қазынасын өзімен бірге алып кетеді. Сонда патша:

شمشير نيك از آهن بد چون کند کسی
ناکس به تربیت نشود ای حکیم کس
باران که در لطافت طبعش خلاف نیست
در باغ لاله روید و در شوره بوم رخس

Алмас сүңгі соғылар ма жаман-жасық темірден,
Оңбағаннан адам шықпас жақсы тәлім беруден.
Құт жаңбырдың қайыры тең болғанымен затында,
Гүлзарында райхан өсер, тікен өсер тақырда.
(Одан кейін тағы төрт шұмақ өлең жазылады).

ТТ нұсқасы: Таудың басында бірнеше қарақшының болатыны жайында сұлтанға хабар береді. Сұлтан оларды ұстап әкелуін талап етеді. Сөйтіп бірнеше баһадүрді жібереді. Қарақшылардың керуендерді тонап, күн батқан соң келгенде жауынгерлер осы сәтті пайдаланып, ұстап алады. Сұлтан бәрін өлтіруін бұйырады. Қарақшылардың ішінде жасөспірім болатын. Бұған бір уәзір араша болып, патшаға жалбыранып былай дейді:

تربیت غیر اہلنا قیلات ، کند اوستوندا قوز قویماق
اولتور انی کیم اول یوردا یم ، صنعتی کیم یولوقا سویمانور

Транскрипциясы: Тарбиат гайыр аһлина қылмақ
Күнбәд үстүнде көз коймақ тұр
Өлтір аны кім ол йүрүр дайым
Санаты аты кім йолықса соймақ тұр.

Аудармасы: Лайықсыз адамға тәрбие беру –
Күмбез үстіне көз (шоқ) қоймақ болар.
Өлтір оны, әйтпесе жүріп дәйім.
Кәсібі кездескенді соймақ болар.

Тағы былай дейді: Азғындардың адамдардың тұқымын түбірімен жою керек, – дейді.

اكر قينا بولوت كان ارجوان يقين سيل االعاجيند ايميش
بمانير لا عم في ضايع ايتما قوري في ذر كيتي كرميش يوق

Транскрипциясы: Әгәр йақса бұлұтдан аб е хайуан
Йақын біл тал агачында йеміш йоқ
Бірлә гұмырыны зайг етмә
Құры нейдән кіші шеккер йеміш йоқ.

Аудармасы: Егер жауса бұлттан өмір суы,
Жақсы біл, тал агашында жеміс жоқ.
Жаманменен өмірді зая етпе,
Құрғақ камыстан кісі шекер жеген (алған) жоқ.

Ары қарай парсы тіліндегі нұсқасымен мазмұндас болғанмен, өлең құрылымы әрқалай келеді:

Транскрипциясы: Бөрінің баласы болар зақибат

Атасы киби ол харами бөрі
Нечә көб йүрүрсән саңа бір күн ол
Үрүр захм андан сақына йүре

Аудармасы: Бөрінің баласы болар ақыр аяғында.

Әкесі сияқты ол қарақшы – бөрі.
Неше көп жегізең, саған бір күн ол,
Зақым келтірер, одан сақтана жүр.

Одан кейін:

Транскрипциясы: Йахшы қылыч болұр ма һәрғез йаман темүрдән

Йұмақ билән кетер мы ләуне қара көмірден
Йауызға ейгүлікні қылмақлық ейләдүр бил
Хайыр ішләр йаманлық қылмақ болұр мұқабел

Аудармасы: Жақсы қылыш болар ма, әр кез жаман темірден.

Жууменен кетер ме, (қалған) дақ қара көмірден,
Жауызға жақсылық жасасаң, осылай болар, бил,
Жақсылыққа жамандық қылмақ олардың ісідүр.

Түсініктеме. Сейф Сарай парсы хикатындағы «араб тонаушылары» дегенді «қарақшылар» деп аударады. Парсы тіліндегі нұсқасында хикая 7 рет бірде рубай, бірде бәйт өлең жолдарымен кезектесіп жырланса, түркі тіліндегі нұсқасында 4 шұмақты өлең жолдарымен кезектесіп баяндалады. ПТ нұсқасында Әбілхаят суымен суарсаң да, ТТ нұсқасында Егер жауса бұлттан өмір суы басталатын өлең жолдарын ақын шеберлікпен аударған. Сондай-ақ, ПТ нұсқасында Алмас сүңгі соғылар ма жаман-жасық темірден, ТТ нұсқасында Жақсы қылыш болар ма, әр кез жаман темірден өлең жолдарындағы «алмас сүңгі» сөзін «жақсы қылыш» сөзімен ауыстырып, шебер өрнектеген.

Қыпшақ тіліне тән лексикалық бірліктер.

Сейф Сарай парсы тіліндегі нұсқасын өлең жолдарын өз заманындағы түркі халықтарына ортақ түркі, оның ішінде қыпшақы түсінікке лайықтап түрлендіріп аударады. Мәселен, патшаның әрекетіне байланысты мынадай өлең жолдары кездеседі:

ПТ нұсқасы:

نکند جور پيشه سلطانی
که نیاید ز گرگ چویانی

Аудармасы:

Қанаушы аш патшалық құра алмайды,

Сұр қасқыр бақташы боп тұра алмайды.

ТТ нұсқасы:

Транскрипциясы: Кім зұлым елін ұзатса сұлтан болұр мы болмас,
Қойларға құрт һәрғез чобан болұр мы болмас.

Аудармасы: Халыққа зұлым қолын созса, сұлтан болар ма, болмас,
Қойларға қасқыр шопан болар ма болмас.

Түсініктеме. Сейф Сараи Сағдидің бәйтке құрылған өлең жолдарын түркі халықтарының түсінігіне лайық лексикалық бірліктермен шебер жеткізген. Бірінші шұмақтағы *зұлым* сөзі екінші шұмақтағы *қасқыр* сөзіне, *халық* сөзі *қой* сөзіне, *сұлтан* сөзі *шопан* сөзіне қарама-қарсы қойылып, параллелизм құрған. Парсы тіліндегі *гәрг* (қасқыр) сөзін көне түркі *құрт* сөзімен ауыстырған. Көне түркі тілінде қасқырдың еркегін *құрт* деп атаған.

Сейф Сараи Сағдидің «барға қанағат етуге, шүкіршілік етуге» дәріптейтін өлең жолдарын былайша өрнектейді:

ПТ нұсқасы:

Транскрипциясы:

Ей, сир тур ро нон жавин хуш намоиад
Машғул е ман аст он ке наздик ту зеит аст
Хурон бехешти ро дузах буд азраф
Әз дузахиан пурс ке азраф бехешт аст

Аудармасы: Тоқ неме, арпа нанын жамандайсың,
Сондай нанды бересің маған қайсың?
Хор қызына қыл көпір – ол да тамұқ,
Тамұқ көрген бейішің алар тауып.

ТТ нұсқасы:

Транскрипциясы: Ай тоқ көзіңе арпа етмекі көрүнмәс хуш
Ликин мәнім аллымда іззетлі мукаррамдур
Азраф ерүр жаннат бағы сақар ахлине
Кім әхл е жананға ол азраф жаһаннамдур

Аудармасы:

Ей, (қарны) ток, көзіңе арпа бидайы көрінбес хош,
Ал менің алдымда қадірлі де қасиетті.

Жаннат бағы адамдары үшін ағраф тозақ болса,

Тозақ адамдары үшін ағраф – ұжмақ болар.

Түсініктеме: Сейф Сараи парсы тіліндегі *нан* сөзінің орнына түркі халықтарына тән *арпа* сөзін қолданады. Бұл – автордың көркемдік қана емес, мәдени-когнитивтік бейімдеуге де ерекше мән бергенін аңғартады. Сондай-ақ, шығыстың мифологиялық кеңістігіндегі "хор қыздары" (яғни, жұмақтағы жәннат қыздары) ұғымының орнына *ахлине* (адамдар) деген жалпылама атаумен алмастырған. Мұндай лексикалық трансформация – ислам түсінігіндегі ұғымдарды түркілік дүниетанымға икемдеу әрекеті ретінде бағаланады. «Жаннат пен тозақ арасындағы мекен» деген мағынадағы *ағраф* сөзі мәтінде бірнеше мәрте қайталаанады. Бұл дінге қатысты ұғымдардың кейде дәл баламасы болмағандықтан, сол күйінде сақталып берілуінің мысалы. Сейф Сараи бұл тәсіл арқылы түпнұсқаның діни мағынасын жоғалтпай, қыпшақ тілінде жеткізудің жолын тапқан.

Сонымен қатар Сейф Сараи аудармада өз заманындағы түркі жұртына түсінікті араб және парсы элементтерінің баламасын тауып ауыстырғаны аңғарылады. Мәселен, арабтың *гулами* сөзін *құл* сөзімен алмастырады.

ПТ нұсқасы: Падшаһи бу *гулами* ажами дәр көшти нешаст (*Бір патша түркі гұламымен кемеге бірге мінеді*).

ТТ нұсқасы: Бір мәлік білән теңіз көрмегән бір жалаб *құл* кемеге кіріб олтұрды (*Бір патша шеттен әкелінген бір құлымен кемеге кіріп отырды*).

Сол сияқты Сейф Сараи түпнұсқадағы парсының *хұдай* сөзін қыпшақы түсінікке лайықтап *тәңрі* сөзімен алмастырады:

ПТ нұсқасы: Бәд аз таубе уа тавон растан аз *газаб-е Худай*

Уалик натауан аз забон-н мардом аст.


ТТ нұсқасы: Қылыб таубе құтұлмаққа болұр *тәңрі газабындын*

Уа ликән бу халайықның тілідан құртұлұб болмас.

Жыр жолдарындағы арабтың *газаб*, *таубе* сөздері өз заманындағы барлық түркілік қауымға жат болмаған. Себебі түркі лексикалық қорында жоқ сөздер араб және парсы сөздерімен берілген. Сондықтан бұндай сөздерді аудармашы сол күйінде қалдырып, аударуды да мақсат етпеген. Айталық, «тәуба» философиялық ұғым ол қандай құбылыстың болса да рухани өлшемі. Бұл ұғым адам қуанышының да қайғысын да шегі барын білдіреді, барға қанағат ету керек. Осы философия халқымыздың элеуметтік психолог – сына элеуметтік дүниетанымына әбден сінді, халқымыздың дүниетанымының ерекшелігі оның тұрмысынан аңғарылуы заңды дүние. Сондықтан араб-парсы мистикалық философиясын қазақ халқы сол күйінде емес, өзінің өмір сүру тәсілі салты ерекшелігіне салт қабылдаған.

Дегенмен аудармашы араб және парсы сөздерін өлең өлшеміне ұйқас ретінде пайдаланады. Өлеңмен жазылған жыр жолдары Сағди қолданған бәит, месра, рубаи, маснауи, ғазел, қасида жанрларының түрлерімен әдемі айшықпен өрнектеген. Сейф Сараи мұрасының ішіндегі шұрайлы да тартымды жазылғандары – *рубаи*. Адам бойындағы ең асыл қасиеттерді – әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты, т.б. дәріптеуде рубаи жанрын пайдалана отырып, оған кірме тілдік бірліктерді өрнекті ұйқас үшін безендірген. Мысалы, *сахи* (жомарт), *ахи* (аға) тілдік бірліктерімен ұйқасып тұр.

ТТ нұсқасы:



Ұлұғлұғ тілесей сахи бол сахи

Сахині сүйер хақ тағала ахи

Сағди Ширази мен Сейф Сараи туындылары дидактикалық жанрда жазылғандықтан, небір қанатты сөздер, өсиет сөздер мен мақалдар кездесіп отырады. Бір қызығы, қазіргі қазақ тілімен мәндес, үндес келетін мақалдар баршылық. Бұл жайында

Солардың біріне тоқталып өтейік:

ПТ нұсқасы: *Дәр гілеми бахсбәнд уа падшаһ*

Дәр ақлими наганжанд

ТТ нұсқасы: *Сығар бір һежрағатон екі сұлтан бір ықлыма сығмас екі сұлтан (Бір бөлмеге сығар он екі мейман, Бір елге сыйыспас екі сұлтан).*

Қазіргі қазақ тілінде: Екі қошақардың мүйізі бір қазанға симайды.

ТТ нұсқасы: *Ташы ғимарат іші хараб.*

Қазіргі қазақ тілінде: Сырты бүтін, іші түтін.

ТТ нұсқасы: *Йаман адет табибта отырса, ол андан кетмаисар ол маинча.*

Қазіргі қазақ тілінде: Ауру қалса да, әдет қалмайды.

Парсы тіліндегі нұсқасында билік иелерінің прецеденттік есімдері, мифологиялық бейнелер мен елді мекендердің атаулары мол кездеседі. Мәселен, *Хурмуз* (Иран патшасы), *Әубәкір Саид Зенги* (Шираздың билеушісі), *Ескендір Зұлқарнайын* (Александр Македонский), *Аббас* (Аббас әулетінің тұңғыш өкілі), *Тоғрұл* (селжүк әулетінің негізін салушылардың бірі), *Бузурджмихр Хұсрау* (Ануширванның уәзірі), *Фаридун* (Иранның ертедегі мифтік патша), *Себуктегин* (сұлтан), *Ануширан* (Иран патшасы), *Сухраверди* (оқымысты, Сағдидің ұстазы), *Үгілмүш* (Хамадан уәлаятының билеушісі), *Ләт пайғамбар* (Мұхамедтің алдында еткен пайғамбардың бірі), *Бижан* (Иран эпосының қаһарманы, батыры), *Хотан* (бұрынғы Шығыс Түркістан), *Мардашта* (Африкадағы қала), *Хижаз* (Арабиядағы қала), *Ханан* (аңыз бойынша Жүсіптің туған жері), *деһхұда* (ауыл ақсақалы) және басқа да астрономиялық атаулар мен иранның күнтізбелері.

Алайда Сейф Сараи шығармасында Сағди секілді билік иелерінің барлығын бейнелене бермейді. Сол кездегі қоғамға түсінікті пайғамбарлар есімдерін, діни лауазым атауларын, Иранның кейбір билеушілерін, Иран мен Араб елдеріндегі қала аттарын, «Шаһнама» дастанындағы кейбір кейіпкерлерді қыпшақы түсінікке лайықтап шектеп қолданады. Мысал ретінде, Сейф Сараи Иран аудандарының бірі – Мардашты емес, оның орнына Орта Азия аумағына жататын, оқырманға етене таныс Кашан қаласын қолданады.

Қорытынды

Сейф Сараи шығармасын Сағди Ширазидің парсы тіліндегі нұсқасымен лингвотекстологиялық салыстырулар жүргізгенімізде бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Атап айтқанда, Сейф Сараи парсы тілін жетік білсе де, кейбір хикаяларды сөзбе-сөз аудармаған. Хикаяларға түркілік түсінікке сәйкес эпизодтарды бірде қосып, бірде қысқартып отырған. Осы талдаулар бойынша мынадай лингвистикалық нәтижелерге қол жеткізілді:

- парсы ақынының рубаи, бәйт, мәснауи жыр жолдарымен баяндалған ұзақ хикаяттарды ықшамдап аударған және хикаяттың айтар ойын көбіне төрт шұмақпен түйіндеп отырған;
- парсы тіліндегі нұсқасында шығыс халықтарының дастандарында әрдайым кездесетін прецеденттік атауларды барлығын аударып бермей, шектеп қолданған;
- жыр жолдарында кейбір араб, парсы сөздері түркі сөздерімен немесе сол кездегі қоғамға түсінікті араб, парсы сөздерімен алмастырылған;
- өлең ұйқасымына сәйкес, мағыналары бір-біріне жуық келетін сөздерді синоним сөздермен байытып отырған;
- кейбір қазіргі қоғамға түсініксіз араб, парсы сөздерін өлең ұйқасымы үшін пайдаланған;

- бір мәтіннің өн бойында қайталанып кездесетін сөздердің графикалық, грамматикалық тұрғыдан әртүрлі таңбалана берген.

Мақала AP14869737 «Алтын орда дәуірі жазба ескерткіштері тілін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы» гранттық жобасы аясында әзірленді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Oğuz Ergene. *Sadî Gülîstan Tercümesi* / çeviren: Sibîcâbî. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2017. – 992 s.
2. Mahmud bin Kadî-i Mahmûd b. Kâdî-i Manyas. *Gülîstan Tercümesi*. – İstanbul: Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı Yayınları, 2019. – 552 s.
3. Гюлистан (Цветник роз). Творение шейха Саади Ширази / пер. И. Холмогорова. – Астрахань, 1912. – 93 с.
4. Старостин А., Алиев Р. Саади. Гулистан. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1957. – 325 с.
5. Алиева Р. Са'ди. Гулистан. – М.: Издательство восточной литературы, 1959. – 716 с.
6. Әлімбаев М. Сағди. Гүлстан. – Алматы: Жазушы, 1991. – 272 б.
7. Aptalla B.T. Seyf Sarayı'nın Gülîstan Tercümesini gözden geçiriş // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. – Ankara, 1955. – S. 73–98.
8. Наджип Э.Н. Кыпчако-огузский литературный язык мамлюкского Египта. XIV века: Автореф. ... док. филол. наук. – М., 1965. – 94 с.
9. Наджип Э. Тюкоязычный памятник XIV века Сейфа Сарай и его язык. – Алма-ата: Наука, 1975. – 301 с.
10. Фазылов Э.И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в. – Ташкент: ФАН, 1971. – 778 с.
11. Bodrogliget A. A fourteenth century Turkic translation of Sadi's Gulistan (Seyf-I Sarayi's Gulistan bi't – turki). – Budapest: Akademiai Kiado, 1969. – 450 p.
12. Миннегулов Х.Ю. Переводы и оригинальные произведения Саифа Сарай: Автореф. ... канд. филол. наук. – Казань, 1972. – 31 с.
13. Усманов Х., Максудова З. Гулистан бит-тюрки Сейфа Сарай / науч. ред. Г.Г. Зайнуллин; Каллиграфист Р.М. Кадыров. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1980. – 137 с.
14. Karamanloğlu F. Gülîstan tercümesi. – İstanbul: Devlet kitapları, 1978. – 404 s.
15. Мурзагулова З.Г. Суфийское идейно-эстетическое содержание произведения Сайфа Сарай «Гулистан бит-тюрки». Творческое и научное наследие Ризаитдина Фахретдинова: духовная взаимосвязь традиций. – Уфа: Национальная библиотека им. А.З. Валиди, 2024. – 192 с.

REFERENCES

1. Oğuz Ergene. *Sadî Gülîstan Tercümesi* [Sadi Gulistan Translation] / çeviren: Sibîcâbî. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2017. – 992 s. [in Turkish]
2. Mahmud bin Kadî-i Mahmûd b. Kâdî-i Manyas. *Gülîstan Tercümesi* [Translation of Gulistan]. – İstanbul: Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı Yayınları, 2019. – 552 s. [in Turkish]
3. Giulistan (Cvetnik roz). Tvorenje sheiha Saadi Shirazi [Gulistan (Rose garden). The creation of Sheikh Saadi Shirazi] / per. I. Holmogorova. – Astrahan, 1912. – 93 c. [in Russian]
4. Starostin A., Aliev R. Saadi. Gulistan [Saadi. Gulistan]. – M.: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudozhestvennoi literatury, 1957. – 325 s. [in Russian]
5. Alieva R. Sa'di. Gulistan [Saadi. Gulistan]. – M.: Izdatelstvo vostochnoi literatury, 1959. – 716 s. [in Russian]
6. Alimbaev M. Sagdi. Gulstan [Saadi. Gulistan]. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 272 b.
7. Aptalla B.T. Seyf Sarayı'nın Gülîstan Tercümesini gözden geçiriş [Review of the Gulistan Translation of the Seif Palace] // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. – Ankara, 1955. – S. 73–98. [in Turkish]

8. Nadzhip E.N. Kypchako-oguzskiy literaturnyi iazyk mamliukskogo Egipta. XIV veka: Avtoref. ... dok. filol. nauk. [The Kipchak-Oguz literary language of Mamluk Egypt. XIV century: Abstract]. – M., 1965. – 94 s. [in Russian]
9. Nadzhip E. Tiukoiazychnyi pamiatnik XIV veka Seifa Sarai i ego iazyk [14th century Turkic-speaking monument of Seifa Sarai and its language]. – Alma-ata: Nauka, 1975. – 301 s. [in Russian]
10. Fazylov E.I. Starouzbekskiy iazyk. Horezmiyskie pamiatniki XIV v. [The Old Uzbek language. Khorezmian monuments of the 19th century]. – Tashkent: FAN, 1971. – 778 c. [in Russian]
11. Bodrogligeti A. A fourteenth century Turkic translation of Sadi's Gulistan (Seyf-I Sarayi's Gulistan bit – turki). – Budapest: Akademiai Kiado, 1969. – 450 p.
12. Minnegulov H.Iu. Perevody i originalnye proizvedeniya Saifa Sarai: Avtoref. ... kand. filol. nauk. [Translations and original works by Saif Sarai: Abstract]. – Kazan, 1972. – 31 s. [in Russian]
13. Usmanov H., Maksudova Z. Gulistan bit-turki Seifa Sarai [Gulistan bit-Turki of Seif Sarai] / nauch. red. G.G. Zainullin; Kalligrafist R.M. Kadyrov. – Kazan: Izd-vo Kazanskogo universiteta, 1980. – 137 s. [in Russian]
14. Karamanloğlu F. Gülistan tercümesi [Translation of Gulistan]. – Istanbul: Devlet kitapları, 1978. – 404 s. [in Turkish]
15. Murzagulova Z.G. Sufiyskoe ideino-esteticheskoe sodержanie proizvedeniya Saifa Sarai «Gulistan bit-turki». Tvorcheskoe i nauchnoe nasledie Rizaitdina Fahretdinova: duhovnaia vzaimosviaz tradiciy [The Sufi ideological and aesthetic content of Sayf Sarai's work "Gulistan bit-Turki". Creative and scientific heritage of Rizaetdin Fahretdinov: the spiritual interrelation of traditions]. – Ufa: Nacionalnaia biblioteka im. A.Z. Validi, 2024. – 192 c. [in Russian]